

Сәкен Сейфуллин: Сібір және Қазақстан Республикасы**Қ.Алдажұманов****С.Қасымова**

XX ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдары қазақ мемлекеттігін нығайту жолында аянбай еңбек етіп, елеулі үлес қосқан зиялы азаматтардың бірі, ақын, жазушы әрі қайраткер – Сәкен Сейфуллин. С.Сейфуллинді өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері әр түрлі пікірде сынаушылар көп болды. Олардың ішінде жаңа демократиялық қоғамның белсенділері де, кеңестік жүйені сынап, онан бас тартушылар да болды. Алайда, тәуелсіздік жылдарының барысында ондай көзқарас та өзгеріске ұшырады. Кеше кейбір С.Сейфуллинді қаралағандар, бүгін оның «Жас қазақ марсельезасынан» үзінді беріп, газеттерінің әр номеріне эпиграф ретінде пайдалануда. Солардың бірі – республикалық апталық «Тасжарған» газеті. Яғни, қоғамдағы байлық пен меншік негізінде жіктелу, осының негізіндегі келеңсіздік жағдайында оларға С.Сейфуллин ұран ретінде қажет екен. 1919 жылы, 10 шілдеде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің шешімі бойынша Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет (Қазревком) құрылды. Қазревком Қазақ Кеңестік Автономиясын дайындап, құру міндетін алға қойды. 1920 жылдың жазынан бастап, Қазақ кеңестік автономиясының құрылуын жариялайтын Бүкілқазақстандық Құрылтай съезін шақыруға дайындық жұмыстары жүрді. Омбыда «Кедей сөзі» газетінің редакция мүшелері М.Жұмабаев, Ғ.Тоғжанов, Т.Телжановтың болашақта құрылатын Қазақ республикасы жайында газет беттерінде жариялауының халық арасында әсері зор болды. Қазақстанның барлық губернияларында Бүкілқазақтық съезге сайлау жүрді. С.Сейфуллин сол уақыттың өзінде қоғамдық-саяси жұмыстағы белсенділігімен губерния көлеміне, саяси орталық – Орынборға да танымал болды. Ақмола губерниялық сайлау комиссиясының төрағасы, «Кедей сөзі» газетінің редакторы Мұқан Әйтпенов Ақмола уездік атқару комитетіне: «Орынбор қаласында болатын съезге Кеңес өкіметін орнату жолында белсенді күрескер С.Сейфуллиннің қатысуы міндетті» деген жеделхат жібереді. Уездік атқару комитетінің төрағасы Г.Коротков жұмыстың көптігі мен адамның аздығынан С.Сейфуллинді съезге жібере алмайтындығын айтады. Өйткені, С.Сейфуллин сияқты жұмысты белсенді атқаратын, ұйымдастырушылық қабілеті зор, іске икемді азаматтар тапшы болатын. Көп кешікпей, 15 қыркүйекте Мұқан Әйтпеновтің «С.Сейфуллин Орынборда өтетін съезге баруға міндетті, оның орнына Әлиевті уақытша тағайындаңдар» деген қысқа да тұжырымды жеделхаты келеді. С.Сейфуллин қазақ халқының азаттық алып, ұлттық мемлекеттігін құру жөніндегі ғасырлар бойғы арманының орындалуы өзін қазақ азаматымын деп санайтын кез келген адам үшін аса маңызды мәселе екенін түсінді. Уездік атқару комитеті тарапынан қарсылық болған соң, С.Сейфуллин Ә.Омаров екеуінің атынан съездің маңыздылығын айтып, мәлімдеме жазып, 15 қыркүйекте Орынборға жүріп кетті. Уездік атқару комитетінің 16 қыркүйектегі №24-ші жарлығында: «С.Сейфуллин Орынбордағы Қазақ өлкесінің жалпықазақтық съезіне делегат болып сайланғандықтан, жұмыс бабымен іссапарда деп есептелінсін» деп көрсетілді. Яғни, С.Сейфуллиннің Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезіне қатысуы маңызды деп табылып, арнайы шақырылған. 1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі өтіп, онда Қазақ АКСР-і құрылғаны жарияланды. Съезд өкіметтің жоғарғы органдары – Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесін сайлады. Қазақ АКСР ОАК-нің мүшелігіне сайланған 75 адамның бірі – С.Сейфуллин болды. Қазанның 13-інде Қазақ ОАК Президиумының 10 адамнан тұрған құрамына: С.Мендешев (төраға), В.Радус-Зенькович, Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, И.Киселев, Б.Алманов, Акулов, Ж.Сәдуақасов, Ғ.Бөкейханов, Ә.Досов кірді. Съезден кейін С.Сейфуллин біржола Орынборға жаңа қызметке қалдырылды. Оның былайша орталыққа қызметке қалдырылуының ең басты себебі – жаңа қоғам құру ісіндегі күрескерлігі мен тәжірибесі, қызметтестерінің ортасында беделінің жоғары болуынан еді. Съезде Әкімшілік және Жер комиссиялары құрылды. С.Сейфуллин Жер комиссиясының төрағалығына сайланып, С.Мендешев басқарған Әкімшілік комиссиясының құрамына да кірді. Алғашқы күннен бастап ол ұлттық мүддеге қатысты аса күрделі мәселелерді шешуге ат салысты. Осыған байланысты С.Сейфуллин қызметінің кейбір тұстарын көрсетейік: 30 қазанда Сейфуллиннің төрағалығымен Жер комиссиясының коллегиясы құрылып, былайша шешім шығарыпты: 1) отарлаудың кез келген түріне тыйым салатын заң негізін құрастыру, 2) түрлі мекемелердің қарамағында болып келген жерлердің ендігі жерде Қазақ ОАК-іне қарайтындығын заңдастыру. 15 қарашадағы мәжілісте мал шаруашылығын, қазына малын қорғау мәселесі қаралып, ветеринарлық комиссия құру, жағдайы төмен шаруашылықтардан алымды уақытша тоқтату жөнінде шешім қабылданған. Аса назар аударатын бір жай: С.Сейфуллиннің қатысуымен «Қазақ АКСР-і территориясында отарлаудың кез келген түріне тыйым салу туралы Декреттің» жасалуы еді. Құжаттың көшірмесі С.Сейфуллин басқарған Жер комиссиясының шешімімен 30 қарашада РКФСР Жер халық комиссариатына жіберілген. Декреттің қазақ жерін отарлауға заңды түрде шек қойған ең алғашқы құжат болып өмірге еніп, бұдан кейін жерді заңсыз алуға тыйым салудағы орнын ерекше айту керек. Дегенмен, қазақ жерлерін Қазақ АКСР-інің құрамына біріктіру оңай болған жоқ. Батыс Сібірге қарап келген Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан құрамына енгізуде Омбыдағы Сібір революциялық комитетінің (Сібірревком) мүшелері ашық қарсылық көрсетті. 1920 жылдың екінші жартысында олар Қазақстанмен шекараны белгілеу мәселесін бес рет қарады. Тіпті, Қазақ АКСР-інің құрылғаны жарияланғаннан кейін де Ақмола және Семей облыстарын қайтару кейінге

қалдырылды. Тарихи құжаттар С.Сейфуллиннің аталған екі облысты Қазақ автономиясына қайтаруда ерекше табандылықпен ұлт мүддесі үшін күрескен, қазақ елінің шекарасына байланысты талас тудырған мәселелердің қазақ халқының пайдасына шешілуіне зор үлес қосқан қайраткер екендігін дәлелдеп отыр. Мәселенің мән-жайын тереңнен түсіну үшін сәл шегініс жасап, Қазақ АКСР-інің құрылуынан бұрынғы Ақмола және Семей облыстарының Қазақстанға қайтарылуына арналған пікірсайыстар мен талқылауларға оралайық. 1920 жылы 16 мамырда Қазревком В.Ленинге талас тудырып отырған Омбы және Семей губернияларын қалай басқару керектігі жөнінде сұрап, өтініш жасайды. Осыған орай осы жылғы 22 маусымда РК(б)П ОК- де Сібірревком мен Қазақ өлкесінің басшылары – И.Смирнов пен С.Пестковский қол қойған «Сібірмен шекаралас Қазақ өлкесі облыстарын басқару туралы Уақытша ереженің» жобасы қаралды. 1920 жылы 28 мамырда Қазревком Омбы мен Семейге неғұрлым жақын арада өзінің өкілетті өкілдерін: Авдеев пен Жангелдинді жіберу жайында қаулы алды. Оларға Сібірревком мен Қазревком арасындағы шекара мәселесі жөнінде қарым-қатынастарды реттеу жүктелді. Бұл кезде С.Сейфуллин басқарған әкімшілік бөлімінің Ақмола уезіндегі қарқынды істері жайында облыс орталығы хабардар болып отырған. Оған дәлел – Омбыға жіберіліп отырған уездік ревкомның атқару комитеті отырысының хаттамалары. Сондықтан, Қазревкомның Сібірревкоммен арадағы шекара мәселесін реттеуге С.Сейфуллиннің қатысуы аса қажет болды. Шілде айының 7-де Омбыдағы татар-қырғыз бөлімі бюросының хатшысы Ә.Досов «Әскери. Жедел. Құпия» деген айдармен Ақмола уездік ревкомы әкімшілік бөлімінің меңгерушісі С.Сейфуллиннің атына жеделхат жолдады. Онда: «Жангелдин мен Авдеевтің басқаруымен Омбыға Қазақ өлкесінің Шығыс комиссиясы келді. Мәселені шешу үшін Сіздің келуіңіз аса қажет» делінді. Алайда, Ақмола ревкомы С.Сейфуллинді уездегі жұмыстардың көптігінен кеңеске жібермеді. 15 шілдеде Қазревком өкілдерінің талабы бойынша Сібірревкомның мұсылмандар секциясы мен Сібір бюросы татар-қырғыз бөлімінің 17 мүшесінің қатысуымен біріккен мәжіліс өтті. Мәжіліске Ә.Жангелдин төрағалық етті. Негізгі мәселе таяу арада Мәскеуде өтетін кеңесте қаралатын болашақтағы Қазақ автономиясының шекарасын белгілеуге байланысты болды. Сонымен қатар, Бүкілқазақтық съезге делегаттар сайлау мәселесі қаралды. Ақмола губерниясынан С.Сейфуллин мен Ж.Садуақасовтың өкілеттігі бекітілді. 1920 жылы 9-10 тамызда БОАК жанында В.Лениннің төрағалық етуімен Қазақ автономиясының Сібірмен шекарасы, оның Ресеймен өзара қатысы туралы мәселелерді талқылауға арналған кеңес өтті. Мәскеу кеңесіне РК(б)П Сібір бюросы мен Сібірревкомның басшы қызметкерлері де дайындалды. Кеңеске қазақ халқының экономикалық және тұрмыстық жағдайларын жақсы білетін Сібір өлкесінің өкілі ретінде белгілі партия қызметкерлері В.Соколов пен Е.Полюдов баратын болып шешілді. Тақырыпты зерттеуші М.Мальшева өз еңбегінде Сібірревком қызметкерлері дайындаған «Қырғызстан (Қазақстан) шекарасы туралы» деген құжаттың мазмұнына тоқтала келе, Сібірревкомының өздерінің мүддесін қорғап, қазақ өлкесіне Петропавл, Павлодар, Семей, Өскемен және басқа Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарын қосу негізін жоққа шығарғандығын көрсетеді. Автордың зерттеуіне сүйенсек, В.Ленин кеңеске қатысушы қазақ өкілдерінің арасынан қазақи киім киген Ғалым Тәжібаевқа «Қазақ халқының болашақта қалай тұрғанын қалай едіңіз? Сіздіңше, орыс халқына тәуелді болу керек пе, әлде үстем болғанын қалайсыз ба?» деп, сұрақ қойған. Ғалым Тәжібаев болса: «Ешқандай үстемдік керек емес, екі халық бауырлас тең тұрғаны дұрыс» деп, орыс тіліне шорқақ болса да өз ойын жеткізуге тырысқан екен. В.Ленин қарапайым қыр қазағының жомарт жүректілігі мен парасатты ойына риза болып, мәселенің қазақ халқының пайдасына шешілуін құптаған. Ғалым С.Бейсембаев өзінің «Ленин және Қазақстан» атты еңбегінде В.Лениннің шекара мәселесіне байланысты өте әділ шешім қабылдағанын айтады. Кеңестің алдында Ленинмен жеке әңгімелескен Сібір өлкесінің мүддесін қорғаушы В.Соколовтың өз естелігін, яғни, Ленинмен екеуінің арасындағы диалогты былайша келтіреді: «Ленин: Сіз – біздің жобаны құптамайсыз. Осы бір тамаша халықты неге ренжітпексіз? Соколов: Ренжітпек дейсіз бе? Жоқ, Владимир Ильич... Біз қазақтар мен Сибирь казактарының арасында шиеленіскен ұлт араздығының тууына жол бермеуді көздейміз. Ленин: Сондықтан, олардың арасына шовинистік шокпар сайламақсыздар ғой? Ұлт араздығының өзі осыдан тумай ма?»...Мен жауап таба алмай қалдым. Енді, бұл мәселе менің алдыма жаңаша, жаңа қырынан, Омбы тұрғысынан емес, Мәскеу тұрғысынан қойылды...» Дәлелдердің көрсеткеніндей, Мәскеу кеңесіндегі мүдделі екі жақтың қатысуымен өткен қазақ өлкесін басқару, оның Ресеймен қарым-қатынастарына арналған мәселелерді талқылауда В.Ленин жалпы елдің мүдделерін және республикалар мен облыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, бірден-бір дұрыс жол табуға ұмтылды. Қазревкомның Қазақ АКСР-і территориясы туралы мәселесін құптады. 1920 жылы 26 тамызда жарияланған «Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасының құрылуы туралы Декретте» Қазақ АКСР-інің құрамына мына облыстар кірді: Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары; Закаспий облысының Маңғыстау уезі; сол облыстың Красноводск уезіндегі 4 және 5 адай болыстары; Астрахань губерниясынан: Синеморье болысы, Бөкей ордасы, 1-ші және 2-ші Приморье округіне жапсарлас жатқан болыстар. Декреттің 11-ші пунктінде Қазақ республикасының Ақмола және Семей губернияларының басшылығын қабылдай алатын орталық органдары түпкілікті ұйымдастырылғанға дейін соңғылары уақытша Сібір ревкомының қарамағында қала беретіндігі айтылған. Деректерден байқағанымыз, Сібір революциялық комитеті мен арадағы мәселе қайшылықты болған. Сондықтан съезден кейін Қазақ АКСР-і Халықтық комитет Кеңесінің төрағасы В.Радус-Зенькович Сібірревкомға өкіл ретінде жіберілетін адам екі облыстың жұмысына басшылық ете білуі керектігін айтып, мұны Н.Кулаковқа жүктеу керектігіне тоқталды. Ал, мұның алдында Сібір бюросында жұмыс жасап, енді, республикаға қызметке шақырылған Ә.Досов «жергілікті жердің жайынан хабарсыз Кулаковқа бұл істі атқару қиын болады, комиссия құру керек» десе, С.Сейфуллин

«қазақтар арасында мәдени-ағарту, газет шығару, тағы басқа жұмыстар жүргізу үшін Кулаковтың қасына қазақ қызметкерлерін қосу керек» деп, өз ұсынысын айтты. Қазақ АКСР-і Құрылтай съезінің шешімімен Сібірревкомда құрылған Қазақ Өкілеттігін басқару Н.Кулаковқа жүктеліп, мүшелігіне Әйтиев, Ашмарин, Әділев, Нұрмақов, Сергеев, Шарипов кірді. Өкілеттіктің міндеттері төмендегідей анықталды: Сібірревком құрамында уақытша қалып отырған облыстарда Қазақ АКСР-інің жоғарғы билік органдарының нормативтік актілерінің орындалуын қадағалау; Ақмола және Семей облыстарын әкімшілік және шаруашылық жағынан басқару мәселелерін шешуге қатысу. 1920 жылы 19 қазанда Сібір бюросының мәжілісінде Сібірревком өкілі Е.Полудов Ақмола және Семей губернияларын 1921 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақ АКСР-іне қосу туралы съезде қабылданған қаулыға қарсылығын білдірді. Оның ойынша «съезд қазақ шовинизмі басым болған жағдайда өткен». Сібірревком қызметкерлері қайткен күнде екі облысты Қазақстанға беру туралы шешімнің орындалуын тежеуге тырысты. Бұл РК(б)П ОК Сібір бюросының мүшесі Яковлевтің Омбыдағы Қазақ өлкесі комиссиясының төрағасы Н.Кулаковқа 1920 жылдың 26 қарашасында жолдаған хатынан айқын көрінді. Хатта әзірге Ақмола, Семей облыстарын қазақ өлкесіне беру мүмкін еместігін, бұл Орталық Ресей үшін Сібірдегі астық дайындау жұмысына кедергі келтіретіні, азық-түлік дайындау тапсырысы негізінен осы екі облысқа жүктелетіндігі айтылған. Қазақ АКСР-інің орталық аппараты екі облысты қабылдап алуға, басқаруға дайын емес деген сылтаулар келтіріп, кейінге қалдырғанды дұрыс деп санады. 1920 жылы 11 қарашада РК(б)П ОК-і Сібір бюросы «Ақмола және Семей облыстарын Сібірден бөліп, Қазақ республикасына қосу» жөнінде комиссия құрды. Сібір жер бөлімінің бастығы В.Соколов басқарған комиссияның мүшелігіне Ф.Бородихин, Н.Ишмаев, И.Потемкин, қазақ өкілдігінен Ғ.Тоғжанов, Т.Телжанов, Е.Итбаев кірді. Комиссияға қазақ өкілдігімен талас тудырып отырған мәселелерді шешу жүктелді. 21 қарашада Сібір бюросының қазақ өкілдерінің қатысуымен өткен мәжілісте комиссия төрағасы В.Соколовтың бұрынғы Дала өлкесіндегі жер саясатын жүргізу жайындағы баяндамасы тыңдалды. Соколовтың ұсынысы мынадай: қазақ елді мекендері барлық жерде көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа көшуі қажет. Орыс қоныстанушыларының еңбегімен өңделген жерлерді Қазақ республикасына беру ол жерлерді қайтадан жарамсыздыққа әкеледі. Қазақ өкілдігінің атынан сөйлеген Н.Кулаков Ақмола және Семей облыстарында отырықшылықтан гөрі мал шаруашылығын жүргізудің анағұрлым қолайлылығын, қазіргі өзекті мәселе сырттан қоныс аударуды тоқтату екендігін дәлелдеуге тырысты. Мәселенің тұйыққа тірелуі Қазақ ОАК-і мүшелері арасында үлкен алаңдаушылық туғызды, Орталықпен ақылдасу қажет деп тапты. Талқылай келе Қазақ ОАК-і 1920 жылы 10 желтоқсанда мынадай шешім шығарды: «Мандат № 715. 11.XII.1920. 10. XII. күнгі № 21 қаулысымен Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі С.Сейфуллин жолдас Ақмола және Семей облыстарының іс жағдайымен таныс болғандықтан, сол облыстың өкілі ретінде Мәскеуге арнайы жіберілсін және Қазақ АКСР-інің өкілдерімен аталған облыстарды Қазақ республикасына қосу жөнінде шара қарастырсын» делінген. С.Сейфуллин үшін бұл Мәскеудегі басшылармен шешетін аса жауапты тапсырма болатын. Сондықтан, ол өзінен ойланyp-толғануды, қазақ халқының болашақ тарихи тағдыры үшін бұл міндеттің үлкен жауапкершілікті талап ететіндігін терең ұғынды. Мәскеуде С.Сейфуллин Кеңестердің VIII съезіне қатысып, В.Лениннің ГОЭЛРО жоспары туралы баяндамасын тыңдады. Съезде БОАК төрағасы М.Калининмен кездесіп, Ақмола және Семей облыстарының қазақ халқына тән екендігін тарихи-этникалық дәлелдерге сүйене отырып негіздей келе, соңында мәселені шешу үшін Төтенше Комиссия құру керектігі жөнінде кеңес алды. 1921 жылы 16 ақпанда Қазақ ОАК-інің шешімімен Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға қосатын және олардың басқару аппаратын құратын Төтенше өкілдігі бар комиссия құрылды. Комиссияның төрағалығына С.Мендешев, мүшелігіне С.Сейфуллин, Ә.Досов, Ғ.Әлібеков, П.Заромский кірді. Төтенше Комиссия жайында Ереже бекітілді. Бұл жөнінде С.Сейфуллинге берілген № 654 мандатта: «Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі С.Сейфуллин Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алатын және оларды басқару аппаратын құратын Төтенше – Өкілетті Комиссияның мүшесі. С.Сейфуллиннің құқы мен өкілеттілігі Қазақ ОАК-інің I сессиясында қабылданған комиссия туралы Ережеге сәйкес анықталады» делінген. С.Сейфуллиннің мұндай аса жауапты мемлекетаралық мәселені шешу комиссиясына мүше болуы кездейсоқ еместігін былайша түсіндіруге болады: Қазақ республикасы басшыларының қазақ жерінің шекаралық тұтастығын айқындап, қалпына келтірудегі көкейкесті мәселені шешуде С.Сейфуллиннің бұған дейін республикалық Әкімшілік комиссиясының құрамында істегені және Жер комиссиясын басқарып тәжірибеден өткені, Ақмола және Семей облыстарының тарихи-этникалық және географиялық жағдайын жақсы білетіні, мұның алдында осы мәселе жөнінде Орталықтағы басшылармен сөйлесіп кеңес алғаны, істі аяғына дейін жеткізе алатын табандылығы ескерілгені даусыз. Деректер көрсетіп отырғандай, Сібірревком басшылары қарсы болған жағдайда Омбыда Қазревком өкілдігінің Сібірревком құрамындағы қазақ облыстарына билік жүргізу құқығы шектелді. Олардың құқығы Сібірревкомның «Уақытша ережесі» бойынша айқындалды. Бұл мәселенің шешілуіне кедергі келтірді. 1921 жылдың басынан Қазақ АКСР-імен ұлттық-территориялық межелеуді басқарған С.Чуцкаев мәселені Сібірревкомның мүддесі тұрғысынан шешуді ойластырды. Сібірревком Семей губерниясы Павлодар уезіне қарайтын Ертіс экономикалық аймағын Омбы уезіне қаратқысы келді. Өйткені, онда тұз көлдері бар болатын. Өздерінің бұл саясатын сібірліктер былайша түсіндіруге тырысты: «Павлодар уезі экономикалық және әкімшілік жағынан Славгород арқылы Омбымен байланыс жасайды. Қазіргі салынып жатқан теміржол желісі де болашақта бұны одан әрі бекіте түседі. Сондықтан, Павлодар экономикалық ауданын Сібірревком құрамында қалдыру мәселесінің көтерілуі заңды». Яғни, Семей губерниясының басшылығы Омбыға Павлодар уезінің жартысын Павлодар қаласымен және Екібастұз кен орнымен қоса беруі керек делінді. Мұндай әділетсіз ұсыныс

Сібірревкомдағы Қазақ Өкілеттігін жайбарақат қалдыра алмады. 17 наурызда Ә.Әйтиевтің қол қоюымен Мәскеудегі жоғары билік органдарына Сібірревкомның іс-әрекетіне қарсылық білдірген құжат жолданды. 1921 жылдың 24 наурызында Төтенше комиссия Омбыға келді. Екі жақ өкілдерінен 10 адамнан біріккен комиссия құрылып, 26 наурыздан 12 мамырға дейін жұмыс жасады. Комиссияның ұйғаруымен таяу арада қосылатын екі облыста кеңестер сайлауына дайындық жұмыстарын жүргізу қаралды. С.Сейфуллинге еңбекші қазақ халқына кеңестер сайлауына байланысты үндеу құрастырып, оны газет бетіне жариялау және жемқорлық пен паракорлықты болдырмау кеңестік органдардың бақылауында екенін атап көрсету тапсырылды.

Мәжіліс хаттамаларын парақтағанда анықтағанымыз С.Сейфуллин комиссияның және бюроньң барлық мәжілістеріне қатысып, мәселенің шешілуіне ат салысқан. 1921 жылдың 12 мамырына дейінгі аралықта 6 рет комиссия, 15 рет бюро мәжілісі өткен. Бастапқыда ұйымдастыру, екі облыстардағы кезекті сайлауға байланысты мәселелерде келісімге келгенімен, мемлекетаралық шекараға байланысты мәселеде Сібір ревкомы қызметкерлері шовинистік, ұлтшылдық пиғылдарын айқын көрсетті. Өте тартысты жағдайда өткен 1921 жылғы 7 сәуірдегі біріккен комиссия мәжілісінде екі жақтың мүдделері қайшы келді. Мәжіліске Сібірревком жағынан Чуцкаев, Михеев, Дубровский, Темкин, Шиша, қазақтардан: Меңдешев, Сейфуллин, Заромский, Досов, Алибеков, Сергеев, Әйтиев, Попов қатысты. Сібірревком жобасын қорғаған Чуцкаев: «Сібір мен Қазақ республикасының шекарасы тек шартты түрде ғана, арасына қалқан қойып қажет емес. Сібір жерінде қалатын қазақтардың мүддесі орыс тұрғындармен бірдей қорғалады. Павлодар уезінің солтүстік бөлігі Сібірге қарауы керек, өйткені, бұл ауданның тұзды көлдері Сібір үшін өте маңызды» деді. Төтенше комиссия мүшелері Қазақ республикасын құрған уақытта оның негізіне этностық принциптер алынғанын, ал, экономикалық принциптің тек қосымша ғана мәні бар екендігін айта келе, Сібірревком мүшелеріне мынадай талаптар қойды:– Сібірревком жобасы бойынша Семей губерниясынан Павлодар уезінің бөлінуі шаруашылық дамуына нұқсан келтіретіндіктен бұл талап орындалмайды;– Қазақ өкілдігінің шекара жөніндегі нұсқасы қабылдануы қажет. Омбы уезінің қазақтар мекендейтін бөлігі толығымен Қазақ республикасына қосылады. Теміржол қатынасы Есілкөл станциясы арқылы жүргізілетін болады;– Есіл уезінің 13 болысының Қазақ республикасына қосылуы – заңды нәрсе;– Бұқтырма уезі Семей губерниясының территориясында болғандықтан Қазақ республикасына сөзсіз берілуі керек. Қазақ қайраткерлері Сібірревкомның шешімімен келісу қазақ мемлекетінің ұлттық тұтастығының бөлшектенуіне әкелетінін түсінді. Сондықтан, екі жақтың біріккен комиссиясы «Шекара мәселесі жөнінде келісімге келе алмағандықтан шешім шығару БОАК-нің қарауына беріледі» деген қаулы шығарды. Дегенмен, қазақ өкілдерінің өзіндік көзқарастарын берік ұстауы мен табандылығы арқасында мәжіліс соңына қарай біріккен Сібірқазақ комиссиясы бір шешімге тоқтады. С.Сейфуллин, Ә.Досов, С.Меңдешев және П.Заромский қол қойған қаулыда: Семей губерниясы 20 сәуірден бастап Қазақ өлкесіне беріледі – делінген. 9 сәуірде Е.Поллюдовтың жетекшілігімен өткен кезекті бюро мәжілісінде Орталығы Петропавл қаласы болатын жаңа Ақмола губерниясының 7 адамнан құралған жетекші тобын ұйымдастыру мәселесі қаралды. Ә.Әйтиев төрағасы болып, Коротков, Барлебен, Асылбеков, Шәріповтерден құралған революциялық комитет облыс билігін қолдарына алды. Алда жаңа құрылған облыстарды басқару аппаратын құру, оның материалдық-техникалық базасын жасаудағы Омбы жағынан көмек сияқты кезек күттірмейтін мәселелер тұрды. Төтенше комиссияның ұйғарымымен С.Сейфуллинге Ақмола губерниялық ревкомының жұмысына жәрдемдесу тапсырылды. С.Сейфуллиннің ұлт мүддесін қорғау жолындағы қайраткерлігі комиссия және бюро мәжілістерінде талас тудырған мәселелерді шешудегі белсенділігінен айқын көрінеді. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, 18 сәуір күнгі мәжілісте С.Шәріпов Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездері мемлекетке мал дайындауды 100% орындағанымен, тұрғын халыққа тиесілі мата товарлары берілмегені, аталған уездерде кедейшілік жайлағанын баяндаған. Оған тиісті шаралар қолданылатын болып шешілді. Дегенмен, Сібірдің жоғары оқу орындарында Қазақ республикасынан келетін шәкірттерге 15% орын, ғылыми еңбектердің артық данасын беру жөніндегі талап-тілектер аяқсыз қалған. 22 сәуір күнгі Михеев, Поллюдов, Сейфуллин, Сергеев және Омбы губерниялық атқару комитетінен Голенковтың қатысуымен өткен мәжілісте Ақмола облысындағы азық-түлікпен қамтамасыз ету жайы қаралған. Екі республиканың азық-түлік халық комиссариаты өкілдерінен арнайы комиссия құрылып, оған Ақмола облысындағы азық-түлікпен қамтылу жайын қарау, қажетті мөлшерде тауар бөлу мәселесін шешу тапсырылған. Белгіленген жұмысты соңына дейін аяқтап оның орындалысына көз жеткізу С.Сейфуллин ұстанған іскерлік қағидасы болатын. Сондықтан, С.Сейфуллиннің ұсынысымен аталған мәселе 30 сәуір күнгі мәжілісте қайта қаралып, Ақмола облысы уездерін астықпен қамтамасыз ету, мемлекетке ауыл шаруашылығы және мал өнімдерін дайындауды тоқтату мәселелері оң шешімін тапқан. Сонымен қатар, қазақ болыстарының арасында орын алып отырған ұрлық пен барымтаға тосқауыл қойылды. 5 мамыр күні Сібірревком мүшелерінің қарсылығына қарамастан С.Сейфуллин мен Ә.Досов Ақмола және Семей облыстарының қазақтары арасындағы саяси-ағарту жұмыстарының мүлде төмендігін, халықтың сауатын ашуда газет, кітапшалар шығарудың кезек күттірмейтін шаруа екендігін күн тәртібіне қойып, екі облысқа тез арада типографиялық құрал-жабдықтар беру керектігін талап етті. Қазақ ОАК-інің 1921 жылы 19 сәуірдегі «Патша өкіметі кезінде Сібір және Сібір казак әскерлеріне берілген жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтару жөніндегі Декретіне» сүйене отырып, С.Меңдешев жаңадан құрылған Ақмола губерниясының Омбы губерниясымен шекарасын Ертіс бойындағы он шақырымдық жерлер қазақ өлкесіне қарайтындай етіп белгілеуді талап етті. 7 мамырдағы кеңейтілген мәжілісте Сібірревком өкілдері «Халық Комиссарлары Кеңесінің тапсырмасы бойынша Ақмола

және Семей губернияларының Қазақ АКСР-іне қайтарылуы» жөнінде шешім қабылдады. Десек те, Павлодар ауданындағы тұзды көлдер мен Риддер, Зырян кеніштерін, Екібастұз көмір кен орнын, Спасск мыс қорыту зауытын уақытша өздерінде қалдыру жайындағы қарарлары екі жақ комиссиясының арасында дау туғызып, түйіні шешілмеген мәселе болып қала берді. 10 мамырдағы бірлескен комиссия мәжілісінде Ақмола және Семей облыстары әкімшілік жағдайында 10 мамырдан бастап Қазақ республикасына қарайды деген қаулыға С.Сейфуллин де қол қойды. Осы күні аса маңызды бірнеше мәселелер өз шешімін тапты. Атап айтсақ, мұның алдында 18 сәуір күні қаралғанымен аяқсыз қалған Омбы қаласындағы жоғарғы оқу орындарында Ақмола және Семей облыстарынан келгендерге 15% орын беру туралы Сібір халық ағарту бөліміне ұсыныс жасау мәселесі де Сейфуллиннің талап етуімен дұрыс шешімін тапты. Және мұның алдындағы Ә.Досов екеуінің ұсынысы назарға алынып Ақмола губерниясына жазу машиналары және кеңсе тауарлары берілетін болып шешілді. Сонымен бірге Қазақ республикасының ғылыми мекемелерінің өкілдеріне Омбы қаласындағы ғылыми мекемелердің материалдарын пайдалану, кейбір экспонаттарды немесе оның көшірмелерін сәйкес ғылыми қоғамдармен келісу арқылы алу құқығы берілді. 1921 жылдың мамыр айында В.Лениннің араласуымен екі жақ келісімге келді. 11 мамырда Сібірревком және Қазревком өкілдері мәжілісінің шешімімен Ақмола және Семей губерниялары Қазақ АКСР-іне қайтарылды. 1921 жылы 12 мамырда С.Меңдешев пен РК(б)П ОК Сібір бюросының хатшысы В.Яковлев барлық партия органдарының Сібір қарамағынан Қазақ АКСР-іне берілгендігі, Семей және Ақмола губерниялық комитеттеріне Сібір бюросымен тікелей байланыс жасауды тоқтату, Орынбормен қатынас жасау жөніндегі актіге қол қойды. Төтенше комиссияның шешімімен Сейфуллин мемлекеттік істің тағы бір белесіне аттанды. Оған жаңадан құрылған Ақмола губревкомының жұмысына жәрдемдесу тапсырылды. 1923 жылы 6 шілдеде С.Сейфуллиннің өз қолымен жазған өмірбаянында «Төтенше комиссияның шешімімен Ақмола губерниясының басқару аппаратын құру жұмыстарына қалдым. Ақмола қаласында, Өспен, Спасск мыс қорыту зауыттарында, Қарағанды көмір кенішінде болып, ұйымдастыру, оқу-ағарту жұмыстарын жүргіздім» деп жазып, өзінің бұл істі абыроймен орындағанын көрсетіпті. 1921 жылы 21 қарашада Павлодар ауданындағы тұз көлдері, Ақмола мен Омбы облысының шекарасына байланысты даулы мәселелер Қазақ АКСР-інің пайдасына шешілді. Сібір мен Қазақ республикасы арасындағы ұлттық-территориялық межелеу толығымен 1922 жылғы көктемде аяқталды.